

Іле-Балқаш

10.05.2019 ж. күні ҚазБСҚА студенттері халықаралық Іле-Балқаш регатасына қатысты. Аталған іс-шараның модераторлары: ҚазБСҚА жанындағы колледж директоры Сулейменова Қ. Қ., сәулет факультетінің деканы Амандыкова Д. А., ҚазБСҚА жанындағы колледж директорының орынбасары Мусатаева М. Е. өндіріс шебері Токтамыс Т. И., ассистент профессор Смагулова Л. А., колледждің студенттік деканы Идиев Равиль және ҚазБСҚА жанындағы колледждің белсенділері.

Бұндай іс-шараға студент жастардың қатысуы - олардың Отанға деген сүйіспеншілігін, Жетісу тарихына деген қызығушылығын арттырып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді. Студенттер қатты қайықтарды шебер басқарып, көшпенділер қаласының марафонына қатысты. Біздің жастар бұл қызықты іс-шарадан тамаша әсер алып қайтты.





